

**Білім беру ұйымының жарғысы**  
**Білім туралы**  
**41-бап. Білім беру ұйымының жарғысы**

1. Білім беру ұйымының жарғысында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген талаптардан басқа:

- 1) жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі;
- 2) білім беру ұйымына қабылдау тәртібін;
- 3) оқу процесін ұйымдастыру тәртібін (оның ішінде оқыту мен тәрбиелеу тілін (тілдерін), білім алушылардың, тәрбиеленушілердің оқу режимін);
- 4) білім алуды ағымдағы бақылау, білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі;
- 4-1) білім алушыларды, оқушыларды оқудан шығарудың негіздері мен тәртібі;
- 5) ақылы қызметтер көрсетудің тізбесі мен тәртібі;
- 6) білім беру ұйымының білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынасын ресімдеу тәртібі.

2. Білім беру ұйымының жарғысында оның қызметіне қатысты және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелер болуы мүмкін.

3. Білім беру ұйымының жарғысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітіледі.

Сілтеме. 41-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.10.24 N 487-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 13.11.2015 № 398-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.